ЖӨНДЕУГЕ ТУСКЕН КҮНІ _____

ДАТА ВЫДАЧИ /
БЕРІЛГЕН КҮНІ _____

2

ВИД РЕМОНТА /
ЖӨНДЕУ ТҮРІ _____

М.П.

ОТМЕТКИ СЕРВИС-ЦЕНТРА

Данный отрывной талон заполняется представителем сервисного центра, проводящего ремонт прибора

Берілген жыртпалы талондарды бұйымға жөндеу жүргізетін сервистік орталықтың өкілі толтырады.

ДАТА ПОСТУПЛЕНИЯ В
РЕМОНТ /
ЖӨНДЕУГЕ ТУСКЕН КҮНІ _____

ДАТА ВЫДАЧИ /
БЕРІЛГЕН КҮНІ _____

3

ВИД РЕМОНТА /
ЖӨНДЕУ ТҮРІ _____

М.П.



ПАЙДАЛАНУШЫ
НҰҚАУЛЫҒЫ

CENTEK[®] *air*

АУАНЫ КОНДИЦИОНИРЛЕУДІҢ
СПЛИТ-ЖҮЙЕСІ

CT-65QXX | CT-65QWIFIXX

Q
СЕРИЯ
INVERTER

СОДЕРЖАНИЕ

1. Қауіпсіздік шаралары	2
2. Жиынтықталуы	5
3. Құралдың сипаттамасы	5
4. Құралды басқару	6
5. Құралға техникалық қызмет көрсету және күту	11
6. Біқтимал ақаулары мен оларды жөндеу әдістері	12
7. Сплит-жүйені орнату	14
8. Техникалық сипаттамалары	19
9. Қоршаған ортаны қорғау, құралды кәдеге жарату	20
10. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдік міндеттемелер	20
11. Өндіруші, импорттаушы туралы ақпарат	21

Құрметті тұтынушы!
«Centek» СМ өнімін таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Дұрыс пайдаланған жағдайда бұл құралдың дұрыс қызмет ететініне кепілдік береміз.

Пайдаланар алдында құралды дұрыс және қауіпсіз пайдалану жөніндегі маңызды ақпараттары бар нұсқаулықпен мұқият танысуыңызды сұраймыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

Құралды тікелей арналымы бойынша қолданбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген қағидалар мен шарттарды сақтамаған кезде, сондай-ақ құралды біліктіліксіз жөндеуге тырысқан кезде, өндіруші жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

«Сплит» типті ауаны кондиционирлеу жүйесін (бұдан әрі – сплит-жүйе) тек білікті мамандар орнатуы тиіс. Өз бетіңізбен орнатуға тырыспауыңызды өтінеміз. Біліктіліксіз орнату құралдың дұрыс жұмыс істемеуіне және істен шығуына алып келуі мүмкін.

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіздің сатып алған құралыңыз Ресей Федерациясындағы ауаны кондиционирлеу жүйелеріне қолданылатын қауіпсіздіктің барлық ресми стандарттарына сәйкес келеді.

Кондиционерді орнатар алдында, осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз және оны қолжетімді жерде сақтаңыз. Кондиционерді дұрыс орнатпау және қоспау электр тогымен жарақаттануға, өрттің шығуына, сұйықтықтың ағуына және басқа да залалдарға әкелуі мүмкін.

- Қолданылатын қосымша бөлшектер мен материалдар осы кондиционерге арналғандығына көз жеткізіңіз. Кондиционерді орнатуды тек білікті мамандар ғана жүзеге асыру керек.
- Кондиционерді орнатуға қатысты сұрақтар туындаған кезде, өндірушінің Сіздің аймағыңыздағы ресми өкіліне жүгініңіз.

Осы нұсқаулықтағы сақтық шаралары ЕСКЕРТУЛЕР МЕН САҚТАНДЫРУЛАРҒА бөлінеді. Төменде көрсетілген барлық сақтық шараларын сақтаңыз: олардың барлығы Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін маңызды.

- Кез-келген ЕСКЕРТУЛЕРДІ ескермеу өлімге, ауыр жарақаттарға және басқа да қайғылы салдарларға алып келуі мүмкін.
- Кез-келген САҚТАНДЫРУЛАРДЫ ескермеу кейбір жағдайларда ауыр салдарларға алып келуі мүмкін.

Орнату бойынша жұмыстарды аяқтағаннан кейін, білікті маман кондиционер иесіне кондиционерді пайдалану қағидалары туралы нұсқау беру керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Кондиционерді электрмен қамту желілеріне дұрыс және заңға сәйкес қосу электр тогымен жарақаттануға, өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

- Қорғаныштық ажырату құрылғысын (ҚАҚ) орнатыңыз. Электр тогымен жарақаттану ықтималдығына жол бермеу үшін, номиналдық қуаттағы қорғаныштық ажырату құрылғысын (ҚАҚ) орнатыңыз.
- Кондиционерді электрмен қамту желілеріне қосуды бөлек тізбекпен орындау керек.

Электрді жүргізу үшін қосымша қосусыз қажет қашықтықты жабатын жеткілікті ұзындықтағы кабельді пайдаланыңыз.

Егер кондиционерді электрмен қуаттау розеткадан жүзеге асырылса, кондиционердің қуат беру кабелінің ашасын ұзартқыштарды қолданбай, тікелей розеткаға қосыңыз және қызып кетуге жол бермеу үшін, кондиционермен бірге басқа да электр жабдықтарын бір розеткаға қоспаңыз.

- Ішкі және сыртқы блоктар арасындағы электрлік жалғаулар үшін ұсынылатын қималар кабелін пайдаланыңыз. Жалғағыш кабельдердің клеммасы сыртқы керілуге ұшырамау үшін, оларды сенімді бекітіңіз.

Жалғау кабельдерін дұрыс және заңға сәйкес қосу электр тогымен жарақаттануға, өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

- Кондиционер тиісті түрде жерге тұйықталуы керек. Жерге тұйықтауды газ және су желісі құбырларына, най-

зағай бұрғыш немесе телефон желілеріне орындауға тыйым салынады. Кондиционерді тиісті түрде жерге тұйықтамау электр тогымен жарақаттануға әкелуі мүмкін.

- Электрлік қуат беру кабелін және жалғау кабельдерін қосқаннан кейін, құрастыру панельдерінің қақпағын міндетті түрде орнына орнатыңыз.

Қақпақтарды орнатпау немесе толықтай орнатпау электр тогымен жарақаттануға, өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

- Салқындатқыш агент контурына көрсетілген салқындатқыш агенттен басқа заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Кондиционерді орнату аяқталғаннан кейін, салқындатқыш агенттің ағып тұрмағандығына көз жеткізіңіз.

Салқындатқыш агенттің ағуы және одан кейін оның қатты қыздырылған заттармен немесе жалынмен байланысқа түсуі денсаулыққа зиянды заттардың түзілуіне әкелуі мүмкін, бұл тұншығуға себеп болуы мүмкін. Салқындатқыш агент орынжай ішіне аққан жағдайда, орынжайды желдетіңіз.

- Салқындатқыш агентті атмосфераға шығаруға тыйым салынады.
- Салқындатқыш агент қатты қыздырылған заттармен немесе жалынмен байланысқа түскен жағдайда, денсаулыққа зиянды заттардың түзілуіне әкелуі мүмкін, бұл тұншығуға себеп болуы мүмкін.
- Салқындатқыш агентті жинау кезінде компрессорды салқындатқыш агенттің құбыр желілері ажыратылғанға дейін тоқтату керек.

Компрессор жұмыс істеп тұрған кезде, салқындатқыш агенттің құбыр желілерін ажырату кезінде контурға ауа кірудің себебінен ондағы қысымды шектен тыс көтеруге болмайды, бұл құбыр желілерінің жарылуына және жарақат алуға әкелуі мүмкін.

САҚТАНДЫРУЛАР

- Өртке қауіпті газдың шығу қаупі бар жерлерге кондиционерді орнатпаңыз. Кондиционердің қасында газдың жиналуы газдың жануына және жарылуына әкелуі мүмкін.
- Кондиционерді ұсақ жануарлар тұратын жерлерге орнатпаңыз.

Ұсақ жануарлар кондиционердің ішіне кіріп кетіп, бұйымның механикалық ақаулығына, түтіннің шығуына және өрттің шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

Дренаждық құбыр желілерінің дұрыс төселгендігіне көз жеткізіңіз.

Құбыр желілерінің төселуіне қатысты жұмыстардың дұрыс орындалмауы және олардың жалғану ақаулықтары кондиционерден шығатын сұйықтықтың айналадағы заттарға төгілуіне және содан соң оларды бүлдіруге әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл жабдық қауіпсіздігіне жауапты адамдардың сәйкесті нұсқамасы болмаса және бақылау жасамаса, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, балалардың, сондай-ақ осындай аспаптарды пайдалану тәжірибесі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған.
- Аталған ауаны кондиционирлеу жүйесі тек тұрмыстық мақсаттарда қолданылады.
- Құралдың жұмыс істеуінде апаттық жағдайлар туындаған кезде (жанған иіс, бөгде шуыл және т.б.), оны дереу электр желісінен ажыратыңыз.

2. ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

сыртқы блок1 дана
ішкі блок1 дана
Ішкі блоктың монтаждау панелі1 дана
Қашықтан басқару пульті (ҚБП)1 дана
ҚБП арналған батарея1 дана
Монтаждауға арналған құралдар (ПВХ таспасы, қазмойын, гофрленген ағызу құбыры, сәндік пластикалық сақина, 4 салмалы сомын, монтаждауға арналған мастика)1 жиынтық
Пайдаланушы нұсқаулығы1 дана

Сүзгілер*:

Сильвер-ион* бактерияға қарсы сүзгісі*1 дана
Биосүзгі*1 дана
Компоненттік сүзгі*1 дана
Көмір (карбон) сүзгісі*1 дана

* Таңдаған жағдайда жеткізіледі

3. ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ


Ішкі блок


1. Сыртқы панель
2. Ауа сүзгісі
3. Қолмен іске қосу батырмасы
4. Жалюзи
5. Сигнал қабылдағыш
6. Қуаттандырғыш бауы
7. ҚБП
8. Дренаждық шланг
9. Салқындатқыш агент/
сұйықтыққа арналған құбыр

10. Сүзгілер

Сыртқы блок

11. Кескіш клапан
12. Ауа шығаратын саңылау торы





- ЖҰМЫС РЕЖИМИ
- ЖЕЛДЕТКІШ ЖЫЛДАМДЫҒЫ
- ТЕМПЕРАТУРА, УАҚЫТ ЖӘНЕ Т.Б
- ЖАЛЮЗИДІҢ ОРНАЛУСУ
- ОПЦИЯЛАР

1. ON/OFF (Қосу/Өшіру) батырмасы
2. Speed (Желдеткіш жылдамдығы) батырмасы
3. Swing (Жалюзи бағыты) батырмасы
4. Turbo (Турборежим) батырмасы
5. Timer (Таймер) батырмасы
6. iFavor (Сүйікті реттемелер) батырмасы
7. iFeel (Атмосфера) батырмасы
8. Health (Денсаулық) батырмасы
9. Sleep (Ұйқы) батырмасы
10. Clean (Тазарту) батырмасы
11. Anti-Fungus (Зеңге қарсы) батырмасы
12. Display (Дисплей) батырмасы
13. Mode (Жұмыс режимі) батырмасы
14. 0C және 0F ауыстыру (опциялық түрде)
15. Температураны ұлғайту батырмасы
16. Температураны азайту батырмасы

4. ҚҰРАЛДЫ БАСҚАРУ

Қолмен іске қосу функциясы

Егер қашықтан басқару пульті жоғалған, немесе батареялары қуатынан айрылған болса, Сіз қолмен іске қосу батырмасын пайдалана аласыз. Бұл үшін ішкі блоктың алдыңғы панелін абайлап көтеріп, содан соң қолмен іске қосу

батырмасын (3) қысқа ғана басып қалыңыз. Сплит-жүйе автоматты режимде (AUTO) жұмыс істей бастайды. Қолмен іске қосу батырмасын қайта басқанда құрал айрылып қалады.

ҚБП БАТЫРМАЛАРЫНЫҢ АРНАЛЫМЫ

1. ON/OFF (Қосу/Өшіру) батырмасы

Бұл батырманы басқанда кондиционер қосылып, пульттің дисплейінде «ON» индикаторы жанады, қайта басқан кезде кондиционер айырылып, пульт дисплейінде «OFF» индикаторы жарқылдайды. Кондиционерді қосқан кезде алдыңғы жұмыс реттемелері орнатылады.

2. Speed (Желдеткіш жылдамдығы) батырмасы

Батырманы басқан сайын ішкі блоктың желдеткішінің айналу жылдамдығы (шығатын ауаның жылдамдығы) келесідей түрде өзгереді: Автоматты / Төмен / Орташа / Жоғары. Пульт дисплейінде желдеткіштің тиісті жылдамдығының индикациясы жарқылдайды: «AUTO» (Автоматты), «LOW» (төмен), «MID» (орташа), «HIGH» (жоғары). Автоматты түрде қойылатын желдеткіш жылдамдығы берілген мақсаттық температура мен қоршаған ауа температурасының аралығындағы айырмаға тәуелді. Желдету режимінде желдеткіштің автоматты жылдамдығына қойылмайды.

3. Swing (Жалюзи бағыты) батырмасы

Батырманы басқан кезде шығатын ауаның бағытын тігінен өзгертетін ішкі блоктың көлденең жалюзиінің тербелісі туындап, пульттің дисплейінде «SWING» индикаторы жарқылдайды. Жалюзи қажетті орнына орныққанша күтіп, тербелісті тоқтату үшін батырманы қайта басыңыз.

Жалюзиде конденсат түзілуіне жол бермес үшін, ауа ағынының салқындату және құрғату режимдерінде төмен қарай ұзақ бағытталуына жол бермеу керек. Жалюзи бұзылып қалмас үшін, оның қалпын қолмен реттелеуге болмайды.

4. Turbo (Турборежим) батырмасы

Кондиционердің салқындату немесе жылыту режимдерінде жұмыс істеуі кезінде батырманы басқаннан кейін, кондиционердің қарқынды жұмыс режимі қосылады. Ішкі блоктың желдеткіші ор-

натылған мақсатты температураға тезірек жету үшін, орынжайдың ба-рынша тезірек салқындауын немесе жылуын қамтамасыз ете отырып, ең жоғары жылдамдықта айналады, пульт дисплейінде «TURBO» индикаторы жанады. Жұмыс режимін қайта ауыстыру кезінде, желдеткіш айналымының жылдамдығын өзгерткен немесе TURBO батырмасына қайта басқан кезде, қарқынды жұмыс істеу режимі сөнеді.

5. Timer (Таймер) батырмасы

Кондиционерді қосу таймерін реттемелеу (TIMER ON). Қашықтан басқару пульті айырылып тұрған кезде, TIMER батырмасын басқан кезде, кондиционерді қосу таймері қосылады, дисплейде «TIMER ON» индикаторы және таймер уақыты жанады. Уақытты орнату диапазоны 0,5 сағаттан (30 минуттан) 24 сағатқа дейін. Кондиционерді қосу таймерінің қалаған уақытын орнату үшін, жоғары/төмен батырмаларын басыңыз. Таймер мәні 10 сағатқа жеткеннен кейін, осы батырмаларды әрбір басқан кезде, уақыт 1 сағатқа көтеріледі немесе төмендейді. Кондиционерді қосу таймерін іске қосу үшін, TIMER батырмасына қайта басыңыз. кондиционерді таймер бойынша қосқаннан кейін, пульт дисплейінде кондиционер жұмысын реттемелеу көрсетіледі. Қажет болған кезде, оларды өзгертуге болады. Берілген уақыттан кейін, кондиционер орнатылған реттемелеулермен автоматты түрде қосылады. Кондиционерді айыру таймерін реттемелеу (TIMER OFF). Қашықтан басқару пульті қосылып тұрған кезде, TIMER батырмасын басқан кезде, кондиционерді айыру таймері қосылады, дисплейде «TIMER OFF» индикаторы және таймер уақыты жанады. Уақытты орнату диапазоны 0,5 сағаттан (30 минуттан) 24 сағатқа дейін. Кондиционерді қосу таймерінің қалаған уақытын орнату үшін, жоғары/төмен батырмаларын басыңыз. Осы батырмаларды әрбір басқан кезде, уақыт 0,5 сағатқа (30 минутқа) көтеріледі немесе төмендейді. Таймер мәні 10 сағатқа жеткеннен кейін, осы батырмаларды әрбір басқан кезде, уақыт 1 сағатқа көтеріледі немесе төмендейді.

Кондиционерді айыру таймерін іске қосу үшін, TIMER батырмасына қайта басыңыз. Берілген уақыттан кейін, кондиционер автоматты түрде айырылады.

6. iFavor (Сүйікті реттемелер) батырмасы

Кондиционердің жұмыс істеп тұрғаны кезінде, батырманы басқан кезде, пайдаланушының алдын ала орнатқан жұмыс дәлдемелері

орнатылады, пульт дисплейінде «iFAVOR» индикаторы жанады. батырманы қайта басқан кезде, аталған режимді қосқанға дейінгі орнатылған реттемелер қайтарылады.

Пайдаланушы дәлдемелерін орнату үшін параметрлердің талап етілген мәндерін алдын ала орната отырып, iFAVOR батырмасын басып, 3 секундтен астам уақыт ұстап тұру керек. пайдаланушы режимінің параметрлерін жазу пульт дисплейінде «iFAVOR» индикаторының үш мәрте жанып-сөнуімен расталады.

7. iFeel (Атмосфера) батырмасы


Батырманы басқан кезде, қашықтан басқару пультіне кіріктірілген температура қабылдағышы бойынша кондиционердің өнімділігін реттеу режимі қосылады. Пулт дисплейі «ROOM» индикаторымен бірге пульттiң орналасқан жеріндегі ауаның бөлме температурасының мәні көрсетіледі. Кондиционерді сөндірген кезде немесе батырманы қайта басқан кезде, режим сөнеді.

8. Health (Денсаулық) батырмасы

«Денсаулық» режимін қосқан кезде, қоршаған ортаның температурасына байланысты сплит-жүйе орынжай ішінде пайдаланушыға ыңғайлылық туғыза отырып, автоматты түрде салқындату және жылыту режимінде жұмыс істей бастайды.

9. Sleep (Ұйқы) батырмасы

Түнгі жұмыс режимі батырмасы басылған кезде пульт дисплейінде «SLEEP» индикаторы жарқылдап, ал ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей өшіп қалады. Бұл режимде ішкі блок желдеткіші төмен жылдамдықпен айналып, ал кондиционерде қолданылатын температура келесідей түрде өзгереді.



10. iCLEAN (Тазарту) батырмасы

Кондиционер өшірулі кезде батырманы басқанда, ішкі блокты тазарту режимі қосылып, пульт дисплейінде «iCLEAN» индикаторы мен «CL» символдары жарқылдап көрініп, ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплейде «CL» символдары көрінеді. Тазарту блоктың буландырғышы мен ішкі қуыстарының бетіндегі ылғалды кетіру үшін қажет. Ылғалды кетіру бактериялардың пайда болып, өсуінің, сондай-ақ блок ішінде көгістің түзілуінің алдын алады. Тазарту режимінің ұзақтығы 35 минутқа созылады. Кондиционерді өшіргенде немесе батырманы қайта басқанда режимі айрылып қалады.

11. Anti-Fungus (Зеңге қарсы) батырмасы

Қашықтан басқару пульті мен кондиционер өшірулі кезде батырманы басу кондиционер өшірілгеннен кейін ішкі блокты автоматты үрлеу режимін қосып, пульт дисплейінде «Anti-FUNGUS» индикаторы жарқылдайды. Режимнің қосылғаны пәрмендердің қабылданғанын растайтын алғашқы бес сигналдан соң шығатын дыбыстық сигналдар сериясымен расталады. Бұл функция іске қосылғанда, кондиционер әр қосылған сайын ол айырылып қалғанға дейін, ішкі блоктың желдеткіші қосымша үш минут бойы төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.

Бұл функция буландырғыштың зеңденуінің алдын алуға, соңынан жағымсыз иістің таралуының алдын алуға бағытталады.

Функция орындалып жатырған кезде және толық аяқталғанға дейін кондиционерді қайта қоспаған жөн.

Кондиционерді қорек көзінен ажыратудан басқа жағдайларда кондиционерді алдағы уақыттағы өшірулер кезінде режим әдепкідей жұмыс істейтін болады.

Басқару пульті және кондиционер өшірулі болған кезде кондиционерді қорек көзінен айыру немесе батырманы қайта басу Anti-FUNGUS режимін өшіреді. Режимнің өшірілгені пәрмендердің қабылданғанын растайтын алғашқы бес сигналдан соң шығатын дыбыстық сигналдар сериясымен расталады.

12. Display (Дисплей) батырмасы

Батырманы басқанда ішкі блоктың сыртқы панелінде дисплей жарықшасы өшіріліп, пульт дисплейінде «DISPLAY» индикаторы жарқылдайды, қайта басқан кезде ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей жарықшасы қосылады.

13. Mode (Жұмыс режимі) батырмасы

Батырманы басқан сайын кондиционердің жұмыс режимі келесі ретпен өзгереді: Автоматты / Салқындату / Құрғату / Жылыту / Желдету. Пульт дисплейінде тиісті режимнің индикациясы жарқылдайды: «AUTO» (Автоматты), «COOL» (Салқындату), «DRY» (Құрғату), «HEAT» (Жылыту), «FAN» (Желдету).

Автоматты режимде кондиционер бөлмежайдағы ауаның температурасына қарай салқындату немесе жылыту режимін автоматты түрде таңдап, пайдаланушы үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Мақсаттық температура басқару пультінің дисплейінде көрсетілмейді және оны өзгерту мүмкін емес.

Желдету режимінде кондиционер ішкі блоктың желдеткішін ғана қосады. Бұл режимде кондиционер бөлмежайдағы температураны қолдамайды. Мақсаттық температура басқару пультінің дисплейінде көрсетілмейді және оны өзгерту мүмкін емес.

Назар аударыңыз! Кондиционер таза ауа ағынын келтірмейді!

14. °C/°F батырмасы

Функция қолданылмайды.


15. Мақсаттық температураны ұлғайту батырмасы

Батырманы басқан сайын +16... +32°C диапазонында мақсаттық температура мәні 1°C-қа ұлғаяды. Мақсаттық температураның берілген мәні пульт дисплейінде және ішкі блоктың сыртқы панелінде көрсетіледі.

16. Мақсаттық температураны азайту батырмасы

Батырманы басқан сайын +16... +32°C диапазонында мақсаттық температура мәні 1°C-қа азаяды. Мақсаттық температураның берілген мәні пульт дисплейінде және ішкі блоктың сыртқы панелінде көрсетіледі.

БАСҚАРУ ПУЛЬТІНІҢ ДИСПЛЕЙІ



1. **AUTO** - автоматты жұмыс режимінің индикаторы;
2. **COOL** - салқындату жұмыс режимінің индикаторы;
3. **DRY** - құрғату жұмыс режимінің индикаторы;
4. **HEAT** - жылыту жұмыс режимінің индикаторы;
5. **FAN** - желдету жұмыс режимінің индикаторы;
6. **SPEED (TURBO, HIGH, MID, LOW, AUTO)** - желдеткіштің айналу жылдамдығының индикаторлары;
7. **SET** - мақсаттық температура индикаторы;
8. **ROOM** - бөлмежайдағы температура индикаторы;
9. **SWING** - жалюзидің тербеліс индикаторы;
10. **iFAVOR** - пайдаланушының дербес реттемелерінің қосылу индикаторы;
11. **HEALTH** - «Денсаулық» режимінің индикаторы;
12. **LOCK** - басқару пульті пернелерін бұғаттағыштың қосылу индикаторы;

13. **DISPLAY** - ішкі блоктың сыртқы панеліндегі дисплей жарықшасының қосылу индикаторы;
14. **Anti-FUNGUS** - кондиционер өшірілгеннен кейін ішкі блокты автоматты үрлеу режимінің қосылу индикаторы;
15. **EHeater** - пайдаланылмайды;
16. **iCLEAN** - ішкі блоктың өздігінен тазару функциясының қосылу индикаторы;
17. **SLEEP** - түнгі жұмыс режимінің қосылу индикаторы;
18. **ON/OFF** - кондиционерді қосу/ өшіру индикаторлары;
19. **TIMER ON/OFF** - кондиционерді қосу таймері/ өшіру таймері индикаторлары;

БАТАРЕЯЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

ҚБП қуаттандыру үшін AAA типті екі батарея пайдаланылады.

1. Қуаттандыру элементтері бөлігінің қақпағын ысырып, батареяларды бөліктің жақтауында көрсетілген «+» және «-» символдарына сәйкес орналастырыңыз.
 2. Батареяларды ауыстыру үшін де сол операция орындалады.
- Ескертпе:
1. Ауыстырған кезде ескі батареяларды немесе басқа типтегі батареяларды пайдаланбаңыз. Бұл ҚБП қалыпты жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.
 2. Егер Сіз ҚБП бір айдан астам уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларын шығарыңыз, өйткені олар ағып Құралды күн сайын пайдаланған жағдайда қуаттандыру элементтерінің қызмет ету мерзімі шамамен 6 айды құрайды.
 4. Қашықтан басқару пәрмендерінің дыбыстық растамасы шықпаса немесе сигнал беру белгісі жоғалып кеткен болса, батареяларын ауыстырыңыз.

WI-FI ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ (СЕРИЯ 65QWIFIXX)

Ескертпе:

Қашықтан басқаруға арналған қосымша үнемі жақсартылып, жаңартылатындықтан, интерфейс өзгеруі мүмкін. Суреттер тек анықтама үшін келтірілген. Бірінші тіркеу кезінде кондиционер мен құрылғы Wi-Fi (үй желісі) бір нүктесінің әрекет ету шеңберінде орналасуы тиіс. Сіздің құрылғыңыз Wi-Fi желісіне қосылуы тиіс (мүмкіндігінше, 3G/4G мобильді желісін айырып тастаған жөн).

Қосымшаны жүктеу және орнату

Қосымшаны екі түрлі тәсілмен жүктеуге болады.

1. Google Play немесе App store ішінде «AC Freedom» қосымшасын тауып, жүктеп, оны өз құрылғыңызға орнатыңыз.
2. QR-кодты сканирлеңіз (1-суретті қараңыз) және сіз қосымшаны жүктеу парағына автоматты түрде бағытталасыз. Оны өз құрылғыңызға жүктеп, орнатып алыңыз.

Қосымшаны белсендендіру

Қосымшаны алғаш рет іске қосқан кезде, белсендендіруді орындауыңыз керек. Белсендендіруді екі тәсілмен орындауға болады.

1. QR-кодты сканирлеңіз (2-суретті қараңыз).
2. Белсендендіру кодын (6364d) қолмен теріңіз және «activate» батырмасын басыңыз.

Кондиционерді реттемелеу (3-сурет)

Кондиционерді құрылғылар тізіміне қосу үшін, «Add device» батырмасын басыңыз. Пайда болған терезеге өзіңіздің Wi-Fi желісіңіздің құпия сөзін теріңіз (желінің атауы автоматты түрде көрінеді). «Start the configuration» батырмасын басыңыз. Сіздің кондиционеріңіз құрылғылар тізіміне қосылды.

Кондиционерді басқару

Кондиционерді реттемелеу және басқару үшін, құрылғылар тізіміндегі кондиционер атауына басыңыз. Өз кондиционеріңізді қашықтан басқара алатын терезені ашыңыз.

Кондиционер атауын өзгерту

Құрылғылар тізіміндегі кондиционердің атауын өзгерту үшін, символды басып және оны 0,5 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Кондиционерді бұғаттау

Кондиционерді бұғаттау үшін, «Құрылғыны бұғаттау» белгішесін ба-

сыңыз. Құрылғы бұғатталған кезде, басқа пайдаланушылар оны таба алмайды, соған орай сырттан араласудың алдын аласыз.

WI-FI модулін жою

Қосылған сымсыз маршрутизаторды өзгерткеннен кейін, кондиционер ішіндегі WI-FI модулі жойылу керек. Кондиционерді қосқаннан кейін, ҚБП-де HEALTH (денсаулық) батырмасын 5 секунд бойы 8 рет басыңыз. Зуммердің екі дыбыстық сигналын естіген кезде, жою орындалды деп саналады.



Android үшін




1-сурет


IOS үшін




2-сурет



1



2



3-сурет

5. ҚҰРАЛҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТУ

ЕСКЕРТУЛЕР

Құралға қызмет көрсетер алдында, оны электр желісінен ажыратыңыз.

Блоктың алдыңғы панелін күту

Құралды мұқият күту және уақтылы тазалау оның қолданылу мерзімін ұзартады және электр энергиясын үнемдейді.

Тазалау кезіндегі келесідей кеңестерге көңіл аударыңыз:

- Сіз құралды сүртіп жатқан кезде, орнықты жерде тұрыңыз, әйтпесе құлап кеткен жағдайда, Сіз құралды бұзып алуыңыз немесе өзіңіз жарақаттануыңыз мүмкін;
- алдыңғы панелді шешіп алу кезінде жарақат алып қалмау үшін, корпустың металл бөлшектеріне жақындамаңыз;
- құралдың алдыңғы панелін және қашықтан басқару пультін тазалау кезінде, ласты құрғақ майлықпен сүртіп алу мүмкін болмаған жағдайда, ылғал майлықты қолданыңыз.

Ескертпе:

1. Құрал мен ҚБП су астына ұстап жумаңыз!
2. Тазалау үшін құрамында спирті бар сұйықтықтарды, бензинді, майды немесе жылтыратқыш құралдарды қолданбаңыз.
3. Алдыңғы панельдің бетіне қатты қысым түсірмеңіз, бұл оның түсіп кетуіне әкелуі мүмкін.
4. Тазалау кезінде құрал корпусының бетін бүлдірмеу үшін, абразивті тазалау құралдарын немесе металл қырғыштарды қолданбаңыз.
5. Су температурасы 450С-тан аспауы тиіс. Бұл пластиктің майысуына немесе түсінің солғын тартуына әкелуі мүмкін.

Ауа сүзгісін тазалау

1. Алдыңғы панелді тірелгенге дейін көтеріңіз, содан соң ауа сүзгісінің шығып тұрған бөлігін көтеріңіз де, оны суырып алыңыз.
2. Сүзгіні шаңсорғышпен тазалаңыз немесе сумен жуыңыз. Егер сүзгі қатты ластанған болса, оны жұмсақ жуғыш затты қолдану арқылы жылы сумен жуыңыз. Сүзгіні көлеңкелі жерде мұқият кептіріңіз.
3. Сүзгіні орнына орнатыңыз және алдыңғы панелді жабыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Маусымның аяғында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- сплит-жүйені ұзақ уақытқа «ЖЕЛДЕТУ» режиміне қосыңыз;
- осыдан кейін құралды желіден айырыңыз;
- ауа сүзгісін тазалаңыз;
- ішкі және сыртқы блокты жұмсақ құрғақ майлықпен сүртіңіз;
- ҚБП-нен батареяларды алып тастаңыз.

Маусымның басында

Келесідей іс-әрекеттерді орындау керек:

- Қоршау орны мен ішкі және сыртқы блоктардағы ауа шығатын жерлердің бұғатталмағанына көз жеткізіңіз;
- сыртқы блокты тат пен коррозия баспағанына көз жеткізіңіз;
- ауа сүзгісінің тазартылғанына көз жеткізіңіз;
- құралды желіге қосыңыз;
- батареяларды ҚБП-не орнатыңыз.

Кондиционердің R410a салқындатқыш агенті бар жабық контуры болады. Аталған фреон озондық қабат үшін қауіпсіз болып саналады, бірақ егер оларды атмосфераға шығаратын болса, жанандық жылынуға ықпал ететін парник газдар тобына жатады.

Сондықтан аталған салқындатқыш агентпен жұмыстарды орындауды тиісті маманға ғана сеніп тапсырыңыз.

6. ЫҚТИМАЛ АҚАУЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫ ЖӨНДЕУ ӘДІСТЕРІ

Келесі жағдайлар бұзылу белгілері деп қабылданбауы тиіс.

Сервис орталығына жүгінбес бұрын, келесі ұсынбаларға құлақ асып көруіңізді сұраймыз, егер көрсетілген тексерулерден соң кондиционер қалыпты жұмысын жалғастыра алмаса, оны пайдалануды доғарып, сервис орталығына жүгініңіз.

Жарамсыздық	Ықтимал себебі мен оны жөндеу тәсілдері
Құрал қосылмайды	Желіге қосылып тұрғандығын тексеріңіз. Қорғаныштық құрылғы іске қосылды, кондиционерді кем дегенде 3 минуттан соң қосып көріңіз Желідегі кернеу төмен немесе жоғары. Жұмыстың таймерге қойылмағандығын тексеріп көріңіз
Кондиционер басқару пультінің пәрмендерін ескермейді	Электр-магниттік кедергілердің ықпалы болуы мүмкін. Кондиционердің электр қуаттандырғышын айырып, 1 минуттан соң қайта қуат жіберіп көріңіз. Пульттің сигналдың әрекет ету аймағында болуын тексеріңіз Қашықтан басқару пультінің батареяларын тексеріңіз, қажет болса, оларды алмастырыңыз. Пульттің бүлінбегендігін тексеріңіз.
Салқындату немесе жылыту тиімділігі төмендеді	Мақсаттық температураның дұрыс орнатылуын тексеріңіз. Ішкі блоктың кіргізу және шығару саңылаулары бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Ауа сүзгісінің, жылу алмасқыштың және ішкі блоктың желдеткішінің ластану деңгейін тексеріңіз, қажеттілікке қарай, тазалап көріңіз. Жылы/ салқын ауаның ашық терезе немесе есік арқылы кірмей тұрғандығына көз жеткізіңіз. Желдеткіш жылдамдығының дұрыс қойылуын тексеріңіз. Сыртқы ауа температурасы жоғары болған жағдайда, салқындату тиімділігі жеткіліксіз болуы мүмкін. Сыртқы ауа температурасы төмен болған жағдайда, жылыту тиімділігі жеткіліксіз болуы мүмкін. Бөлмеде қосымша жылу көздерінің бар-жоқтығын тексеріңіз.
Жұмыс режимдерін ауыстырған кездегі кідіріс	Пайдалану кезінде жұмыс режимдерінің ауысуы 3 минут уақыт алуы мүмкін.
Жылыту режимдерін қосқан кездегі кідіріс	Бұл кідіріс (2-5 минутқа дейін) ішкі блоктың жылу алмасқышын қыздыру үшін қажет. Жарамсыздық болып табылмайды

Бөгде иістердің пайда болуы	Кондиционер бөлмедегі темекі түтіні, парфюмерия, жиназ иісі, т.б. осы сияқты иістерді күшейте түсуі мүмкін. Егер иістер ұзақ уақыт бойы жойылмаса, сервис орталығынан кеңестер алыңыз
Ішкі блоктан судың ағып жатқан немесе сылдыраған дыбыстары естіледі	Дыбыстар ішкі блок ішінде қайнап жатқан салқындатқыш агенттің тұрбалар бойымен ағып жатқанын білдіреді. Жарамсыздық болып табылмайды.
Ішкі блоктан сыртылдаған дыбыстар естіледі	Сыртылдаған дыбыстар температураның өзгеруі салдарынан құралдың алдыңғы панелінің немесе өзге тетіктерінің кеңеюімен немесе сығылуымен түсіндіріледі (жарамсыздық болып табылмайды).
Ішкі блоктан әлсіз механикалық дыбыстар естіледі	Дыбыс ішкі блоктың желдеткішін қосу/ айыру кезінде пайда болады. Жарамсыздық болып саналмайды.
Ішкі блоктан шыжылдаған дыбыстар естіледі	Дыбыс салқындатқыш агенттің ағысы өзгерген кезде пайда болады. Жарамсыздық болып саналмайды.
Ішкі блоктың түсінің өзгеруі	Түрлі факторлар (мысалы, ультракүлгін сәулелер, температура, т.б.) салдарынан пластик корпус түсін өзгертуі мүмкін, бұл құрылғының функциялық сипаттамаларына әсер етпейді. Жарамсыздық болып табылмайды.
Ішкі блоктың ауа шығару саңылауының алдының булануы	Егер бөлмедегі ылғалдылық пен ауа температурасы жоғары болса, кондиционердің ауа шығару саңылауында тұман түзілуі мүмкін. Ол бөлмедегі температура төмендегеннен кейін біршама уақыт өткесін жойылады.
Сыртқы блоктан су ағып шығады	Бұл еріту режимі қосылған кезде немесе жылыту режимі кезінде сыртқы блоктың жылу алмасқышынан түзілетін конденсат. Жарамсыздық болып саналмайды.

ҚАТЕЛЕР КОДТАРЫ

Қате коды	Сипаттамасы
E1	Ауаның бөлме температурасы хабаршысының қатесі
E2	Сыртқы блоктың жылу алмасқышының температура хабаршысының қатесі
E3	Ішкі блоктың жылу алмасқышының температура хабаршысының қатесі
E4	Ішкі блоктың желдеткішінің электр қозғалтқышының жарамсыздығы
E5	Сыртқы және ішкі блоктарының арасындағы байланыс желісінің қатесі
F0	Сыртқы блоктың желдеткішінің электр қозғалтқышының жарамсыздығы
F1	IPM-модуль (Intelligent Power Module) қатесі
F2	PFC-модуль қатесі
F3	Компрессор жұмысының қатесі

Қате коды	Сипаттамасы
F4	Компрессордың айдау желісіндегі температура хабаршысының қатесі
F5	Компрессордың артық жүктемеден қорғалуының іске қосылуы
F6	Ауаның сыртқы температура хабаршысының қатесі
F7	Электрлік қуат бергіштің төмен немесе жоғары кернеуінен қорғалудың іске қосылуы
F8	Сыртқы блок модульдерінің байланыс желісінің қатесі
F9	EEPROM (Electrically Erasable Programmable Read Only Memory) модулінің қатесі
FA	Сорып алу желісінің температура хабаршысының қатесі (4 жүрісті клапанның жарамсыздығы)

7. СПЛИТ-ЖҮЙЕНІ ОРНАТУ

Сыртқы блокты орнату орнын таңдау

Сыртқы блокты орналастыру үшін оның салмағы мен діріліне төзе алатын орын таңдалуы тиіс, ондағы ауа шуылы мен ағыстары оның жұмысы кезінде күшеймеуі және пайдаланушы мен оның көршілерін мазаламауы тиіс. Сыртқы блокты пайдалану және соңынан қызмет көрсету орнына орнату үшін жеткілікті бос кеңістіктің болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Ауа циркуляциясына кедергі туғызбайтын жеткілікті бос кеңістіктің болуы, ал сыртқы блоктың ауаны сыртқа шығаратын жағында ешқандай кедергі туындамауы тиіс. Сыртқы блок күшті жел әсеріне ұшырамауы тиіс. Сыртқы блокқа тікелей күн көзі мен басқа жарық көздерінің ықпалын мейлінше азайту қажет. Қар қалың түсетін аудандарда қорғағыш күнқағарлар мен қоршаулар орнату ұсынылады. Жұмыс кезінде дыбыс пен бейнеге ешқандай кедергі туындамауы үшін, сыртқы блоктан радио- және телевизиялық қабылдағыштарға дейінгі қашықтық 3 метрден кем болмауы қамтамасыз етілуі тиіс. Сыртқы блок тек көлденеңінен орнатылуы тиіс. Сыртқы блоктың бекіту тіреуіштері сенімді түрде бекітілуі тиіс. Сыртқы блоктан сұйықтық ағып шығуы мүмкін, сондықтан қасына ылғалды ұнатпайтын заттар қойылмауы тиіс.




Кондиционерді сыртқы ауаның төмен температурасында пайдаланған кезде келесі ережелерді ұстану қажет:

Сыртқы блокты ауа кіргізу/ауа шығару саңылаулары тікелей жел әсеріне ұрынатын орындарға орнатуға тыйым салынады. Жел әсерінен қорғау үшін сыртқы блокты ауа кіргізу саңылауы қабырғаға қарап тұратындай етіп орнатып, ал ауа кіргізу саңылауы жағына желден қорғайтын қалқа орнатылуы тиіс. Сыртқы блокты қар басып тастамас үшін, оның орнатылатын орны қар жамылғысының деңгейінен жоғары болуы тиіс.

Ішкі блокты орнату орнын таңдау

Ішкі блокты орналастыру үшін, оның салмағы мен дірілін көтере алатын орынды таңдаңыз. Ішкі блокты пайдалану және соңынан қызмет көрсету орнына орнату үшін жеткілікті бос кеңістіктің болуы қамтамасыз етілуі тиіс. Ауа циркуляциясына кедергі туғызбайтын жеткілікті бос кеңістіктің болуы, ал ішкі блоктың ауаны сыртқа шығаратын жағында ешқандай кедергі туындамауы тиіс. Жұмыс кезінде дыбыс пен бейнеге ешқандай кедергі туындамауы үшін, ішкі блоктан радио- және телевизиялық қабылдағыштарға дейінгі қашықтық 1 метрден кем болмауы қамтамасыз етілуі тиіс. Ішкі блокқа тікелей күн көзі мен басқа жарық көздерінің ықпалын мейлінше азайту қажет. Ішкі блок тек көлденеңінен орнатылуы тиіс. Ішкі блоктың монтаждық кронштейні сенімді түрде бекітілуі тиіс.

Ішкі блокты орнықтыру өлшемдері



Қабырғаны тесу

Қабырғаның тесілетін орнын анықтаңыз. Тесу жұмысын орындамас бұрын, қабырғада жасырын электр кабельдері мен құбырлардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Сыртқы блокқа қарай сәл еңкейтіп 60/80 мм диаметрлі тесік жасаңыз. Қажеттілікке қарай, гильза орнатыңыз.

Салқындатқыш агент құбырлары, ұзындығы мен биіктігінің айырмасына қатысты шектеулер

ең кіші ұзындығы Тұрбаның (м)	Салқындатқыш агентті қосымша толтырмағандағы тұрбаның рұқсат етілетін ең үлкен ұзындығы (м)	Тұрбаның рұқсат етілген шекті ұзындығы	Ішкі және сыртқы блоктар арасындағы рұқсат етілген шекті биіктік	Қосымша салқындатқыш агент мөлшері (г/м)	
				< 12000 BTU	> 18000 BTU
2	5	7-12 MBTU модельдері -20 метрге дейін, 18-30 MBTU -25 метрге дейін	7-12 MBTU модельдері - 8 метр, 18-30 MBTU - 10 метр	20	30



Салқындатқыш агент тұрбаларын кеңейту

Тұрба кескіш көмегімен мыс тұрбаны тиісті ұзындықты таңдап кесіңіз. Тұрбаның көлденең қимасындағы қылауларды толықтай алып тастаңыз. Қылауларды алып тастау кезінде тұрбаның кесілген жағын төмен қаратып, қылаулардың тұрба ішіне кетіп қалуына жол бермеу керек. Тұрбаға тиісті өлшемдегі конустық сомынды кигізіңіз. Кеңейтуден соң сомынды қондыру мүмкін болмайды, сондықтан мұқият болыңыз. Кеңейту жұмысын барлық ережелерді ұстана отырып, арнайы құрал-саймандардың көмегімен орындаңыз. Алынған кеңейтілімді тексеріңіз, оның ұзындығы барлық диаметрі бойына бірдей және шеттері тегіс болуы тиіс, ішкі беті жылтыр, ешқандай керткітерсіз болуы тиіс. Ақау анықталған жағдайда, кеңейтілген учаскені кесіп, кеңейту жұмысын қайта орындаңыз.

Салқындатқыш агент тұрбаларын қосу

Құбырлардың орталық осьтерін бір-біріне сәйкестендіріп, қайырмалы конустық гайканы тірелгенше қолмен қатайтыңыз.

Штуцерді гайка кілтімен орнықтырып, қайырмалы конустық гайканы динамометрлік кілтпен кестеде көрсетілген айналым моментін ұстана отырып, бұраңыз.



Диаметр, мм (дюйм)	Айналым моменті, Нхм
6,35 (1/4")	15/25
9,52 (3/8")	35/40
12,70 (1/2")	45/60

Блокаралық электр кабелін және электрлік қуат беру кабелін қосу

Сыртқы және ішкі блоктардың сервистік панельдерінің қорғаныш қақпақтарын шешіп алыңыз. Клемма қалыптамаларының винттерін босатып, тиісті түрде блокаралық электр кабелін және электрлік қуат беру кабелін жалғаңыз (ішкі блоктардың кейбір модельдері электр ашасымен бірге және ішкі блокқа қосулы тұрған электрлік қуат беру кабелімен бірге жеткізілуі мүмкін).

Жерге қосушы сымды сервистік панельдерде бөлек орналасқан бұрандалы тесіктерге винттермен қосыңыз. Сымдардың дұрыс қосылуын қадағалаңыз. Клемма қалыптамаларының винттері босаңсып кетпес үшін, оларды тығыздап бұраңыз. Оларды тартып қарап, бекітілген сымдардың қозғалмайтындығына көз жеткізіңіз. Блокаралық электрлік кабельді сым қыстырғыштармен бекітіп қойыңыз. Сыртқы және ішкі блоктардың сервистік панельдерінің қорғаныш қақпақтарын орнына қойыңыз.

Құбырлардың сыртын оқшаулау және таспамен орау

Салқындатқыш агент тұрбалары жылу оқшаулағыш ішіне салынуы тиіс. Сыртқы блоктың клапандарын қоса алғанда, салқындатқыш агенттің жалғанған жерлері жылу оқшаулағышпен қапталуы тиіс. Ғимарат ішіне орналастырылатын кәріздеу тұрбасы жылу оқшаулағыш ішіне салынуы тиіс. Таспаны пайдаланып, салқындатқыш агент тұрбаларын, кәріздеу тұрбасын (шланг) және блокаралық электр кабелін тығыздап орау қажет. Кәріздеу тұрбасы (шланг) байламның түбінде орналасуы тиіс.



Тексеру және вакуумдау рәсімдері

Салқындатқыш агент құбырларының және электр кабельдерінің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Сыртқы блок салқындатқыш агентінің газ және сұйықтық құбырларының клапандарынан бітегіштерді шешіп алыңыз.

Сыртқы блок салқындатқыш агентінің газ және сұйықтық құбырларының клапандары жабық екендігіне көз жеткізіңіз. Манометрлік коллектор мен азотты баллонды сыртқы блоктың салқындатқыш агентінің газ құбырының сервистік портына қосыңыз. Баллонды бәсеңдеткіш редуктор арқылы қосу қажет. Құрамында көп мөлшерде ылғал болуы себепті сығылған ауаны пайдалануға рұқсат етілмейді. Жүйені 4,15 МПа қысымға дейінгі азотпен толтырыңыз. Жүйеге сұйық азот еніп кетпес үшін, баллонның клапанын жоғары қаратып орналастырыңыз. Құбырлардың барлық бітелген қосылыстарында, мысалы, сабын ерітіндісінің көмегімен, ештеңенің ағып тұрмауын тексеріңіз. Төгілім анықталған жағдайда, оны тез арада бітеу қажет.

10-15 минут өткеннен соң, жүйедегі қысымды тексеріңіз. Қысым түсіп кеткен жағдайда, себебін анықтаңыз. Манометрлік коллектордың азотты баллонын айырып тастаңыз. Жүйедегі азотты сорып алыңыз. Манометрлік коллекторға вакуумдық сорғыны жалғаңыз. Вакуумдық сорғыны қосыңыз. Жүйеде 0,101 МПа -сұйылғанға дейінгі вакуумды құру қажет. 5-10 минут өткеннен соң, жүйедегі сұйылуды тексеріңіз. Қысым түсіп кеткен жағдайда, себебін анықтаңыз. Вакуумдық сорғыны манометрлік коллектордан ажыратыңыз. Манометрлік коллектор мен вакуумдық сорғыны дұрыс пайдаланыңыз. Бұл үшін оларды пайдаланар алдында әр құрал-сайманға арналған пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз.

Сыртқы блоктың салқындатқыш агент құбырларының, алдымен газ, сосын сұйықтық клапандарын толықтай ашыңыз. Манометрлік коллекторды сыртқы блоктың салқындатқыш агентінің газ құбырының сервистік портынан ажыратыңыз. Сыртқы блок салқындатқыш агентінің газ және сұйықтық құбырларының клапандарына бітегіштер орнатыңыз.

Салқындатқыш агент құю

Бұл модельдер R410A салқындатқыш агенті құйылған сыртқы блоктармен бірге жеткізіледі. Жүйелер құбырларының бұрын көрсетілген шектеулерден аспайтын ұзындығы кезінде салқындатқыш агент қосуды қажет етпейді.

Іске қосып көру

Кондиционердің электрлік қуат бергішін қосыңыз. Сымсыз басқару пультінің көмегімен кондиционерді қосып, оның түрлі режимдердегі жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Кондиционер жұмысының тиімділігін бағалауды ол алғашқы рет қосылғаннан кейін 15-20 минуттан соң жүргізу қажет екенін ескеру қажет.

CENTEK[®] Air

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

МОДЕЛЬ		65Q09WIFI			65Q12WIFI			65Q18WIFI			65Q24WIFI		
		ұсынған диапазон - 220~240 -50, рұқсат етілген - 160-260 -50											
Қуат беру көзі		В/Гц											
	Өнімділігі	БТЕ			9000			12000			18000		
	Нөк. қуаттылығы	Вт			2840 (1450~3200)			3520 (1400~3600)			5350 (1800~5600)		
Салқындату	Нөк. қуаттылығы	Вт			750 (380~1350)			980 (450~1500)			1480 (550~2100)		
	Нөк. ток	А			3.6 (1.5~5.9)			4.6 (2.0~7.5)			6.9 (2.2~10.2)		
	EER	Вт			3.78			3.59			3.61		
	Өнімділігі	БТЕ			9000			12000			18000		
Жылыту	Нөк. қуаттылығы	Вт			2920 (1400~3300)			3750 (1100~3850)			5580 (1800~5800)		
	Нөк. ток	А			730 (380~1540)			950 (400~1350)			1390 (550~2100)		
Ең үлкен кіріс қуаттылығы	SOP	Вт			3.4 (1.7~6.7)			4.3 (1.6~7.0)			6.3 (2.2~10.2)		
	Ең үлкен жұмыс топы	А			8.5			8.5			10		
Ауа циркуляциясы	Типі	Роторлы			650			Роторлы			Роторлы		
	Өндiрушi	Toshiba/Gnсс			Toshiba/Gnсс			Toshiba/Gnсс			Hitachi/Highly		
Салқындатқыш агент	Салқындатқыш агент құю	г			520			620			1140		
	Шу деңгейі (ішкі блок)	дБ(А)			31/29/27/22			31/29/27/24			37/35/32/28		
Ішкі блок	Габариттері (ЕХСхБ)	мм			700*285*188			800*300*198			850*300*198		
	Қаптама (ЕХСхБ)	мм			770*355*272			890*370*292			920*370*282		
	Нетто салмағы	кг			8			9			10.5		
	Брутто салмағы	кг			9.6			10.5			12.5		
Шу деңгейі (сыртқы блок)	Габариттері (ЕХСхБ)	дБ(А)			49			50			53		
	Қаптама (ЕХСхБ)	мм			720*515*255			720*515*255			800*535*298		
Сыртқы блок	Нетто салмағы	кг			26			27			37		
	Брутто салмағы	кг			29			30			40.5		
	Сыйықтық түтіктер	мм			6,35			6,35			6,35		
Гидро оқшаулағыш класы (ішкі/ сыртқы блок)	Газ	мм			9,52			9,52			12,7		
	Электрлік қорғалу класы (ішкі/ сыртқы блок)	(ІР)			ІРХ4/ІРХ4			ІРХ4/ІРХ4			ІРХ4/ІРХ4		
Орнатылатын температура диапазоны	Температураны жұмыс диапазоны (салқындату/ жылыту)	°С			16...32			16...32			16...32		
	Энергия тиімділігі класы	°С			+18...+43/-15...+24			+18...+43/-15...+24			+18...+43/-15...+24		
		А+			А+			А+			А+		

9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Құралдың өзі, қаптамасы қайта пайдалануға болатын материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, кәдеге жарату кезінде оларды қайта пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге салыңыз.

ҚҰРАЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құрал кәдімгі тұрмыстық қоқыстардан бөлек кәдеге жаратылуы тиіс. Оны қайта өңдеу үшін электронды құралдар мен электр құралдарын қабылдайтын арнайы орындарға тапсыруға болады. Материалдар жіктемесіне сәйкес қайта өңделеді. Бұл құралдың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін қайта өңдеуге тапсырсаңыз, қоршаған ортаны қорғау ісіне үлкен үлес қосасыз. Электронды құралдар мен электр құралдарын қайта өңдеуге қабылдау орындарының тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан алуыңызға болады.

10. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған.

Бұл құрал Ресей Федерациясында электр құралдарына қатысты қолданылатын барлық ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Өндірушінің «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Федералдық заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібімен осы бұйым үшін белгілеген қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылатын жағдайда соңғы тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды әрі қарай пайдалану жөнінде ұсынбалар алу үшін ең жақын орналасқан авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз. Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - өндірілген жылы, 4 және 5 таңбалар - айы). Кепілді және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қаласындағы бас сервис орталығы жүзеге асырады. Тел.: +7 (861) 2-600-900. Сіздің қалаңызда сервис орталығының бар-жоқтығын көрсетілген телефон немесе www.centek-air.ru сайты бойынша білуіңізге болады. Өнімнің келесідей сәйкестік сертификаты бар: **02.10.2017ж. № TC RU C-CN.ЦС01.В.01646**

11. ӨНДІРУШІ, ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

РФ АУМАҒЫНА ИМПОРТТАУШЫ: К.Ш.АСРУМЯН ЖК
МЕКЕНЖАЙЫ: РЕСЕЙ, 350912, КРАСНОДАР Қ., ПАШКОВСКИЙ ЕЛДІ
МЕКЕНІ, АТАМАН ЛЫСЕНКО КӨШ., 23. ТЕЛ.: +7 (861) 2-600-900



Өнім сертификатталған және барлық талап етілетін еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Барлық құралдарға кепілдік мерзімі түпкі тұтынушыға сатылған күннен бастап 36 айды құрайды. Осы кепілдік талоны арқылы өндіруші осы құралдың жарамдылығын растайды және өндірушінің кінәсінен туындайтын барлық ақауларды тегін жөндеп беру міндеттемесін өз мойнына алады.

Кепілді жөндеу дайындаушы «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервис орталығының келесі мекенжайында жүзеге асырылады: Краснодар қ., Демус көш., 14. Тел.: +7 (861) 2-600-900.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

- Кепілдік келесі рәсімдеу шарттарын ұстанғанда әрекет етеді:
 - кепілдік талонында модель атауы, оның сериялық нөмірі, сатылған күні көрсетілген, сатушы фирманың мөрі және сатушы фирма өкілінің қолы қойылып, әр жыртылмалы талонда мөрлер қойылып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талоны дұрыс және анық толтырылған болса.
- Өндіруші жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе олардағы ақпарат толық емес, анық емес, қарама-қайшы болатын болса, кепілді қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
- Кепілдік келесі пайдалану шарттарын ұстанғанда әрекет етеді:
 - құралдың пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте пайдаланылуы;
 - қауіпсіздік ережелері мен талаптарының сақталуы.
- Кепілдікке құралға мерзімдік қызмет көрсету, оны тазалау, сатып алушының үйінде орнату, реттемелеу енгізілмейді.
- Кепілдік берілмейтін жағдайлар:
 - механикалық зақымдалулар;

- құралдың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарының сақталмауы немесе иесінің қате әрекеттері;
- дұрыс орнатылмауы, тасымалданбауы;
- табиғи апаттар (найзағай, өрт, су тасқыны, т.б.), сондай-ақ сатушы мен дайындаушының бақылауынан тыс өзге де себептер;
- құралдың ішіне бөгде нәрселердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетті емес тұлғалардың конструкциялық өзгерістер енгізуі немесе жөндеуі;
- құралдың кәсіби мақсаттарда пайдаланылуы (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асып кеткенде), құралдың Мемлекеттік Техникалық Стандарттарға сәйкес келмейтін телекоммуникация және кабель желілеріне қосылмауы;
- егер ауыстыру конструкцияда қарастырылған болса және бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, бұйымның төменде көрсетілген керек-жарақтарының істен шығуы:
 - а) қашықтан басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері (батареялар), сыртқы қуат беру блоктары және қуаттандыру құрылғылары.
 - б) шығындау материалдары мен аксессуарлар (қаптама, қаптар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, колбалар, тәрелкелер, түпқоймалар, шілтерлер, айналдырғыштар, шлангтар, түтіктер, щеткалар, қондырмалар, шаң жинағыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер).

5. Бұл кепілдікті дайындаушы қолданыстағы заңнамада белгіленген құқықтарына қосымша түрде ұсынады және ешбір жағдайда оларды шектемейді.

6. Өндіруші «Centek» СМ өнімдерінің адамдарға, үй жануарларына, тұтынушылардың немесе өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне бұйымды пайдалану, орнату ережелері мен шарттарының сақталмауы нәтижесінде, тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғалардың қасақана және/немесе абайсыз әрекеттері, еңсерілмейтін күш жағдайлары

салдарынан тигізуі мүмкін тікелей немесе жанама залалы үшін жауап бермейді.

7. Сервис орталығына жүгінген жағдайда бұйым таза күйінде қабылданады (құралда азық-түлік өнімдерінің, шаң-тозаң және өзге ластықтардың іздері болмауы тиіс). Өндіруші құралдың сипаттамалары мен дизайнын алдын-ала хабарламастан өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Осы бұйым үшін белгіленген қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылатын жағдайда түпкі тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды.

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды әрі қарай пайдалану жөнінде ұсынбалар алу үшін авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - өндірілген жылы, 4 және 5 таңбалар - айы). Сериялық нөмірі бұйымның корпусында және/немесе пайдаланушы нұсқаулығында болады.

CEN TEK[®] *air*

WWW.CENTEK-AIR.RU